

**Қазақстан Республикасының олимпиадалық спорт түрлерінен құрама командаларының спортшыларын, жаттықтырушыларын және мамандарын материалдық ынталандырудың кейбір шаралары туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 сәуірдегі N 335 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1098 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.22 № 1098 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Республиканың олимпиадалық спорт түрлерінен құрама командалары спортшыларын, жаттықтырушыларын және мамандарын ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**1. Мыналар белгіленсін:**

1) олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының мүшелеріне-спортшыларына көрсеткен нәтижелері бойынша біржолғы төлемдердің мөлшері теңгеге баламалы мөлшерде:

**Әлем чемпионаттарында:**

|                   |                     |
|-------------------|---------------------|
| алтын медаль үшін | - 7000 АҚШ доллары  |
| күміс медаль үшін | - 3500 АҚШ доллары  |
| қола медаль үшін  | - 2100 АҚШ доллары; |

**Азия ойындарында:**

|                   |                    |
|-------------------|--------------------|
| алтын медаль үшін | - 3500 АҚШ доллары |
| күміс медаль үшін | - 2100 АҚШ доллары |
| қола медаль үшін  | - 700 АҚШ доллары; |

2) Қазақстан Республикасының олимпиадалық спорт түрлері бойынша жеңімпаз және жүлдегер спортшыларды даярлауды қамтамасыз еткен құрама командалары жаттықтырушылары мен мамандарына біржолғы төлемдердің жалпы сомасының мөлшері теңгеге баламалы мөлшерде:

**Әлем чемпионаттарында:**

|                   |                    |
|-------------------|--------------------|
| алтын медаль үшін | - 3000 АҚШ доллары |
| күміс медаль үшін | - 2100 АҚШ доллары |
| қола медаль үшін  | - 900 АҚШ доллары; |

**Азия ойындарында:**

|                   |                    |
|-------------------|--------------------|
| алтын медаль үшін | - 1500 АҚШ доллары |
| күміс медаль үшін | - 900 АҚШ доллары  |
| қола медаль үшін  | - 500 АҚШ доллары; |

2. Әлем чемпионаттарына, Азия ойындарына қатысудың нәтижелері бойынша біржолғы төлемдер Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүргізіледі.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Премьер-Министр*